

Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 сәуірдегі N 398 қаулысы

Азаматтардың ақпараттық қажеттіліктерін неғұрлым толық қанағаттандыру, телерадио хабарларын таратудың бүкіл инфрақұрылымын одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі қаңтарда және шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.31. N 21 қаулысымен .

3. Осы Бағдарламаның іске асырылу барысын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Есімовке жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.12.31. N 21 қаулысымен

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

П р е м ь е р - М и н и с т р і

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

9

с ә у і р д е г і

N

3 9 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы

Ескерту. Бағдарламаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 891 , 2005.12.31. N 21 қаулысымен .

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған		
бағдарламасы			
Іске асыру мерзімі	2004-2006	жылдар	
Бағдарламаның мақсаты	Бағдарламаның негізгі мақсаты - Қазақстан Республикасы азаматтарының, мемлекеттік билік, жергілікті басқару органдарының, ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктердің ақпараттық қажеттіліктерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін телевизия және радио хабарларын таратуды дамыту болып табылады		
Бағдарламаның міндеттері	Мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:		
	<p>телерадио хабарларын тарату саласында мемлекеттік реттеуді жетілдіру және оның тиімділігін арттыру;</p> <p>Қазақстан Республикасының халқын "Қазақстан", "Хабар" телевизиялық және Қазақ радиосының бағдарламаларын қабылдауды кезең-кезеңімен қамтуды қамтамасыз ету;</p> <p>өңірлік телевидение және радио хабарларын таратуды дамыту;</p> <p>Қазақстанның бейне саясатын іске асыру;</p> <p>телевизиялық және радио бағдарламаларының техникалық сапасын арттыру;</p> <p>табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде телевизия және радио хабарларын тарату желісінің тұрақтылығы талаптарын қамтамасыз ету;</p> <p>телерадиокомпаниялардың хабар тарату, желісін дамытуды ынталандыру;</p> <p>көп бағдарламалы телевизия және радио хабарларын таратуды дамыту;</p> <p>цифрлық телерадио хабарларын тарату жүйесін құру;</p> <p>телевизия және радио хабарларын тарату желісі ұсынатын қызмет көрсетулер санын көбейту</p>		
Қаржыландыру көздері	Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет, телевизия және радио хабарларын тарату желісі субъектілерінің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.		
	2004-2006 жылдарға арналған есеп айырысу		

қажеттілік 18605926 мың теңгені құрайды, соның ішінде республикалық бюджет есебінен:
2004 жылы - 4884511 мың теңге;
2005 жылы - 5128737 мың теңге;

2006 жылы - 5359530 мың теңге.

Күтілетін
нәтиже

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

- 1) телевизия және радио хабарларын тарату саласында қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдер ж е т і л д і р і л е д і ;
- 2) телевизия және радио хабарларын тарату бағдарламаларының сапасы мен тартымдылығы а р т т ы р ы л а д ы ;
- 3) "Хабар", "Қазақстан" телевизиялық бағдарламаларының және Қазақ радиосының тәулік сайынғы хабар тарату көлемі тиісінше 15, 20 және 24 сағатқа дейін ұлғайтылады;
- 4) телевизия және радио хабарларын тарату бағдарламаларының ТМД елдеріне және алыс шетелдерге шығуы үшін қолайлы жағдайлар жасалады және осы мемлекеттердің халқына Қазақстанның қоғамдық-саяси, мәдени-экономикалық өмірі туралы объективті ақпаратты жеткізу қамтамасыз етіледі;
- 5) халықты "Хабар" телевизиялық бағдарламаларымен 98%-ға және "Қазақстан" телевизиялық бағдарламаларымен 96%-ға, сондай-ақ Қазақ радиосының бағдарламасымен 90%-ға дейін қамтуға кезең-кезеңімен қол жеткізу қамтамасыз етіледі;
- 6) телевизия және радио бағдарламаларын эфирлік трансляциялау желісін жаңғырту аяқталады, оны ұстауға арналған шығындарды азайтуға мүмкіндік б е р е д і ;
- 7) 2005 жылы телерадио хабарларын таратудың цифрлық эфирін тәжірибелік пайдалану басталады;
- 8) қуаттылығы аз телевизия және радиотаратқыштардың отандық өндірісі кеңейтіледі;
- 9) қуаттылығы аз 500 телевизиялық және радиотаратқыштарды ауыстыру жүргізіледі.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын таратуды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасының 1999-2005 жылдарға арналған Ұлттық қауіпсіздігі стратегиясының 3-тарауын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 2028-124өк қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздігінің 1999-2005 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.3.2.1. тармағын, Қауіпсіздік Кеңесінің 2001 жылғы 15 наурыздағы отырысы N 1 хаттамасының 1.2.1 тармағын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.5.11 тармағын орындау мақсатында әзірленді.

Осы бағдарлама тұжырымдамалық құжат болып табылатын, оның бөлімдерінің бірі ақпараттық қауіпсіздік пен тәуелсіз ақпараттық кеңістікті нығайту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру тұжырымдамасы мәселелеріне арналған Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы негізінде әзірленді.

Бағдарламада саяси маңызы бар, соның ішінде телевизия және радио хабарларын таратудың арнайы дайындалған бағдарламаларын ТМД елдеріне және алыс шетелдерге трансляциялауды, халықты әртүрлі технологияларды пайдалану арқылы мемлекеттік телевизиялық және радио бағдарламаларымен барынша қамтуды қамтамасыз етуді ұйымдастырудағы жалпыұлттық сипаттағы ең ірі және маңызды мәселелерді шешу көзделді.

Қазақстан Республикасындағы телерадио хабарларын тарату саласының тұтастай алғанда мемлекеттің де, сол сияқты қоғамның да әлеуметтік, экономикалық және саяси мүдделерінің үлкен спектрін қамтитын, оны экономиканың айрықша секторына бөлетін бірқатар сипатты ерекшеліктері бар.

Осы Бағдарламада телерадио хабарларын тарату саласын дамытудың негізгі мақсаттары, міндеттері және бағыттары, Қазақстан Республикасының радио- және телевизия хабарларын тарату желісін жаңғырту мен дамыту жөнінде 2004-2006 жылдар кезеңіне арналған негізгі іс-шаралары айқындалған, қаржыландырудың көздері мен тетіктері көрсетілген.

3. Телерадио хабарларын тарату саласы проблемаларының қазіргі жай-күйін талдау

Телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік реттеу

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік реттеу мынадай тетіктердің көмегімен қамтамасыз етіледі:

бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу;
радиожиілік спектрін бөлу;
радиожиілік номиналдарын телерадиокомпанияларға бекіту;
телевизиялық және дыбыстық бағдарламаларды эфирлік трансляциялау, спутниктік тарату, эфирлік-кабельдік және кабельдік телевидение, сымдық радио желілері бойынша тарату жөніндегі қызмет көрсетулерді лицензиялау, сондай-ақ радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсат беру;
тарифтік саясат;
техникалық құралдарды сертификаттау.

Телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметпен байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының " Бұқаралық ақпарат құралдары туралы ", " Байланыс туралы ", " Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы ", " Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы " " Лицензиялау туралы " Заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық кесімдерімен реттеледі. Сонымен бірге қолданылып жүрген заңдар радио- және телевизия хабарларын тарату желісінің субъектілері арасындағы өзара қатынастарды толық көрсетпейді, осыған байланысты бұл саланы нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру қажеттігі пісіп-жетілді.

Қазақстан Республикасындағы телевизия және радио хабарларын таратудың бағдарламалық тұжырымдамасы

Мемлекет Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік сатып алу " Заңына сәйкес және мемлекеттік те, сол сияқты мемлекеттік емес телерадиокомпаниялардың да телевизиялық және радио бағдарламаларды шығару және тарату конкурсына қатысу жолымен телевизиялық және радио бағдарламаларды сатып алу арқылы ақпараттық саясат жүргізеді. Мемлекеттік тапсырыстағы телерадио бағдарламаларын таратудың тәуліктік орташа көлемі 2000-2003 жылдары 44-тен 63 сағатқа дейін өсті, ал тиісінше республикалық бюджеттен қаржыландыру 2070 миллионнан 4292 миллион теңгеге дейін өсті. Мемлекеттік тілді дамыту мақсатында 2003 жылы әртүрлі тақырыптық бағыттар бойынша мемлекеттік тілдегі бағдарламаларды дайындауға республикалық бюджеттен қосымша 150 млн. теңге бөлінді.

Республикалық деңгейде мемлекеттік тапсырысты орындайтын "Хабар" агенттігі" АҚ, "Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы" телерадиокомпаниялары өздерінің бағдарламаларымен Қазақстан Республикасы аумағының үлкен бөлігіндегі

х а л ы қ т ы қ а м т у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Мемлекеттік емес республикалық теле- және радиокөпманиялар "КТК", "НТК", "31 арна", "Рахат-ТВ", "Русское-радио-Азия", "Еуропа плюс Қазақстан", "NS-радио" өз қаражаттары есебінен республиканың едәуір аумағына хабар таратуды жүзеге асырады.

Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қостанай, Өскемен, Шымкент қалалары ақпараттық кеңістіктегі неғұрлым серпінді дамуымен ерекшеленеді.

Телерадиокөпманиялардың қазақстандық заңнаманың тілдік теңгерімін сақтау және тақырыптық бағыттылығы әртүрлі өздерінің жаңа бағдарламаларын жасаудағы ретрансляция көлемдері бөлігіндегі талаптарды орындауға қатысты, телекөпманиялардың мемлекеттік тілдегі хабар тарату үлесін көбейтуге көпманиялардың ұмтылысындағы оң үрдісін атап өту қажет.

Түрлі техникалық және шығармашылық мүмкіндіктері бар жетекші республикалық телерадиокөпманиялары мазмұны аудиторияның түрлі топтарының ақпараттық қажеттілігін қанағаттандыратын және қазақстандық қоғамды жұмылдыруға, қазақстан халқының мәдени-тарихи құндылықтарының танымал болуына, жұртшылықтың білім деңгейін көтеруге ықпал ететін телевизиялық және радио бағдарламаларын жасайды. Осы көпманиялардың жоғары көркемдік өнімі жалпыұлттық көрермен аудиториялары мен радиотыңдаушылардың көңілінен шықты.

Өңірлік, электрондық бұқаралық ақпарат құралдарын әсіресе шағын жекеменшіктерін дамыту жергілікті экономикалық жағдайға, жарнамалық рынокқа, әр көпманияның шығармашылық және техникалық әлеуетіне байланысты. Жергілікті бюджеттен қолдауы бар көпманиялар ғана жарнама рыногына аса тәуелді емес.

Телерадиокөпманиялардың материалдық-техникалық базасы

Телерадиокөпманиялардың телевизиялық және радио бағдарламаларын өндіру және қалыптастыру ақпаратты жазып алу, дайындау және өңдеу жабдықтарымен, сондай-ақ бағдарламаларды алғашқы тарату желісіне бағдарламаларды мынадай құралдармен беру: радиорелелік немесе байланыстың талшықты-оптикалық желілерімен аппараттық-студиялық кешендерде жүзеге асырылады. Бағдарламаларды жазу, дайындау және өңдеу процестері Betacam-SP, Betacam-SX, Digital-Betacam, DVC-PRO, DVS-PRO-50, DV форматтарында ескірген жартылай кәсіби S-VHS форматтағы әлемдік атағы бар жетекші өндіргіш Sony, Panasonic, Philips, Siemens және басқа да фирмалардың жабдықтарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Республикалық телерадиокөпманиялардың материалдық-техникалық базасы әр буындағы жабдықтар мен форматтардан тұрады, мұның өзі телерадио бағдарламаларды дайындау технологиясын күрделендіруге және олардың сапасын одан әрі жақсартуға, шығармашылық процестің жеделдеуіне ықпал етпейді.

Телевизиялық және радио хабарлары бағдарламаларын тарату жүйесі

Жүйе телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын студиядан тұтынушыларға дейін жеткізуді ұйымдастыруға арналған және бағдарламаларды алғашқы бөлу желісін (бағдарламаларды беру арналары) және бағдарламаларды екінші рет бөлу желісін (телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын трансляциялаудың жерүсті желісін) өзіне қамтиды.

Телерадио хабарларын таратудың спутниктік желісі

1996 жылдан бастап спутниктік телевидениенің (цифрлық) ұлттық желісін енгізу басталды және бүгін Қазақстан ТМД елдері арасында алғашқылардың бірі болып телерадио бағдарламаларды халықаралық спутник операторының Intelsat-904 спутниктік транспондерін жалға алу жолымен тек спутниктік арналар бойынша таратуды жүзеге асырады. Бағдарламаларды алғашқы бөлудің спутниктік желісі хабар таратушылар қалыптастырған телевизиялық және радио бағдарламаларын Алматы қаласында орналасқан орталық қабылдау-тарату станциясынан бағдарламаларды екінші рет бөлу желісінің (трансляцияның жерүсті желісі) радиотелевизиялық таратқыштарына дейін (2500 данадан астам) DigiCipher II цифрлық стандартымен жеткізуді қамтамасыз етеді.

Бұл телевизиялық және радио бағдарламаларды үлкен аумақтарда шашыраңқы орналасқан және халқының тығыздығы біркелкі емес тұтынушыларға жеткізуді қамтамасыз етудің проблемасын шешті.

Қазақстан Республикасының аумағында телевизиялық және радио бағдарламаларды тарату бойынша қызмет көрсету жөніндегі рынокта басымдық алып отырған оператор "Кателко" ЖАҚ болып табылады.

2002 жылғы наурыздан бастап "Кателко плюс" коммерциялық жобасының іске қосылуымен республика тұрғындары, сондай-ақ одан тыс жерлерде бейненің цифрлық сапасымен және 60-90 см антеннаға шартты қол жеткізу стерео дыбысымен бірге отандық және шетелдің ең танымал спутниктік телевизиялық бағдарламаларының жеке пакетін тікелей жеке қабылдау мүмкіндігі берілді.

Телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын эфирлік трансляциялаудың желісі

Пайдаланылып жүрген тарату құралдары желісі телевизиялық және радио хабарлары бағдарламаларымен республика халқын қамтуды мынадай көлемде

қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

"Қазақстан" телевизиялық бағдарламасымен - 90,67%;
"Хабар" телевизиялық бағдарламасымен - 89,19%;
"Ел арна" телевизиялық бағдарламасымен - 62,07%;
Қазақ радиосы бағдарламасымен - 79,63%.

Қазіргі уақытта "Қазтелерадио" ЖАҚ күшімен телерадио бағдарламаларының эфирлік трансляциясының республикалық желісін ішінара жаңғырту жүргізілді: моральдық және физикалық жағынан ескірген 370-тен астам лампалық телерадиотаратқыш қазіргі заманғы қатты денелі жабдықтарға алмастырылды, 315 қуаттылығы аз ретранслятор автоматты жұмыс режиміне көшірілді.

Алайда, микроретрансляторларды қоспағанда, электросыйымдылығы, сенімділігі төмен, автоматтық деңгейі аз, оларды пайдалану және жұмысқа жарамды күйде ұстап тұруға көп еңбек шығындарын талап ететін қуатты және қуаттылығы аз телерадиотаратқыштар пайдалану да одан әрі қалып отыр. Сонымен бірге қолданыстағы антенналық-бағандық және азаматтық құрылыстардың эфирлік телерадио хабарларын тарату желісі көпшілігінің техникалық тозуы шекті нормадан асып кеткен.

Соңғы жылдар ішінде Қазақстан Республикасындағы телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын эфирлік трансляциялау желісінің техникалық құралдарын оңтайландыру мен жаңғырту бойынша жүргізілген жұмыстар қажетті қаржы қаражатының жоқтығынан аса тиімді болмады. Жүргізіліп жатқан жұмыстардан нақты нәтиже алу үшін қосымша қаражат тарту, радио- және телевизиялық хабарларын тарату желісіне жаппай жаңа технологиялар енгізу қажет.

Кабельдік және эфирлік-кабельдік телевидение желісі

Қазақстан аумағында ақылы көпбағдарламалы телевидениенің қызметін ұсынатын жоғары сапалы және қызмет көрсету деңгейі жоғары кабельдік және эфирлік-кабельдік телевидение желісінің 25-тен астам операторы жұмыс істейді. Олардың қызмет аясы әдетте жергілікті сипатта болады. Бұл сектор "Алма-ТВ", "Казцентр-ТВ", "Айна ТВ", "Секател" сияқты бірнеше ірі операторларға ұсынылған. Бұл ретте арналар пакеті 28-ден 55-ке дейін телевизиялық бағдарламаларға жетеді. Бүгінгі күні кабельдік және эфирлік-кабельдік телевидениенің инфрақұрылымын тек Алматы, Астана, Қарағанды, Өскемен, Павлодар, Ақтау, Семей сияқты ірі қалаларда ғана дамыту қолға алынды.

Эфирлік және сымдық радио хабарларын тарату желісі

Қазақ радиосының бағдарламасы негізінен 66-74 МГц (УКВ ЧМ) радиожилік өрісіндегі жеке дыбыстық режимде таралады. Бұрыннан жұмыс жасап тұрған 8 қуатты

радиоорталықтардың 6-уы тоқтатылып, тек 2-уі жұмыс істеп тұр. Осы радиоорталықтарда қуаттылығы 150 кВт-тан, СВ өрісіндегі таратқыштар орналастырылған.

Қазақстанның ірі қалаларында мемлекеттік емес радиобағдарламаларды FM өрісінде трансляциялауды дамыту жеткілікті түрде жылдам қарқын алуда.

Сымдық тарату желісінің соңғы 10 жылдағы қызметіне жасалған талдау республикада сымдық тарату қызметін тұтынушылар санының күрт қысқару үрдісінің сақталып отырғандығын көрсетеді. Радиофикация желілерін ұстауға, құрал-жабдықтарды ауыстыруға қаражаттың болмауы, мысалға ауылдық жерлердегі сымдық хабар тарату желісінің мүлдем тоқтауына әкеліп соқтырды.

Бұрын радиобағдарламаларды тек сымдық радио хабарларын тарату жүйесімен қабылдап келген елді-мекендер пункттерінде радиохабарлар бағдарламаларымен республика халқын қамтуды қамтамасыз ету үшін радио-бағдарламаларды эфирлік трансляциялауды ұйымдастыру қажет.

Радио- және телевизия хабарларын тарату желісі субъектілерінің қызметін қаржылық қамтамасыз ету

Телевизиялық және радио бағдарламаларды өндіру, қалыптастыру және/немесе тарату бойынша қызмет көрсететін республикалық және өңірлік телерадиокәсіпорындарды қаржыландыру:

тиісті жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге мемлекеттік тапсырысты орындау;

коммерциялық қызмет кірістері (жарнама және басқа да қызметтерді ұсыну);

отандық және шетелдік инвестициялар, демеушілік көмек тарту;

тұрғындардан абоненттік төлем алу;

қосымша қызметтер ұсыну шеңберінде алынатын қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Телевизия және радио хабарларын тарату бағдарламаларын өндіру, қалыптастыру және таратуға республикалық бюджеттен бөлінетін ақша ағымдарының бөлінуіне жасалған талдау бұл шығындардың едәуір бөлігінің телерадио хабарларын трансляциялаудың эфирлік желісін ұстауға жұмсалатынын көрсетеді. Бұл республика халқын теледидар және радио хабарлары бағдарламаларымен барынша қамтуды қамтамасыз ету үшін қажетті телевизиялық және радиотаратқыштардың үлкен паркінің болуымен, физикалық әрі моральдық жағынан ескірген жабдықтардың болуымен байланысты.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасы азаматтарының, мемлекеттік органдарының, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің ақпараттық қажеттіліктерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін телевизия және радио хабарларын таратуды дамыту болып табылады.

Бағдарламаның мынадай міндеттері айқындалған:

- 1) телерадио хабарларын тарату саласында мемлекеттік реттеуді жетілдіру және оның тиімділігін арттыру;
- 2) Қазақстан Республикасы халқын "Қазақстан", "Хабар" телевизиялық және Қазақ радиосының бағдарламаларын қабылдауды кезең-кезеңімен қамтуды қамтамасыз ету;
- 3) өңірлік теледидар және радиохабарларын таратуды дамыту;
- 4) Қазақстанның бейне саясатын іске асыру;
- 5) телевизиялық және радио бағдарламалардың техникалық сапасын арттыру;
- 6) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде телевизия және радио хабарларын тарату желісінің тұрақтылығы талаптарын қамтамасыз ету;
- 7) телерадиокомпаниялардың хабар тарату желісін дамытуды ынталандыру;
- 8) көпбағдарламалы телевизия және радио хабарларын таратуды дамыту;
- 9) цифрлық телерадиохабарларын тарату жүйесін құру;
- 10) телевизия және радио хабарларын тарату желісі ұсынатын қызмет көрсетулер санын көбейту.

5. Бағдарламаның негізгі бағыттары және іске асыру тетігі

Бағдарламаны тұтастай іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылатын болады:

- 1) уәкілетті орган мен телевизия және радио хабарларын тарату саласы субъектілерінің өзара іс-қимылын реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру;
- 2) Қазақстан Республикасының халқын телевизиялық және радио бағдарламаларды эфирлік қабылдаумен қамтуға жаңа телевизиялық және радио таратқыштарын пайдалануға енгізу жолымен кезең-кезеңімен қол жеткізу;
- 3) өңірлік телевидение және радио хабарларын тарату желілерін дамыту үшін радиожілік спектрін бөлу;
- 4) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын халықты қазақстандық телевизиялық және радио бағдарламаларымен қамтуды арттыру, сондай-ақ тілшілер қосыны желісін кеңейту;
- 5) телерадио бағдарламаларды өндіру және трансляциялаудың техникалық

стандартын әзірлеу және бекіту;

б) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде телевизия және радио хабарларын тарату желілері жұмысын ұйымдастыру схемасын әзірлеу және бекіту ;

7) телерадиокомпанияларды әдіскерлік қолдау;

8) көпбағдарламалы телевизия және радиобағдарларды дамыту үшін жағдайлар жасау: тікелей спутниктік, кабельдік, эфирлік-кабельдік, эфирлік цифрлық хабарлар тарату ;

9) эфирлік цифрлық телерадио хабарларын тарату жүйесін пайдалану тәжірибесін ұйымдастыру және радиожілік ресурсын бөлу;

10) телевизия және радио хабарларын тарату желісімен ұсынылатын мультимедиалық қызметтерді дамыту үшін жағдайлар жасау.

Мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасындағы телевизия және радио хабарларын таратудың тиімді жұмыс істеуіне қол жеткізу үшін:

телевидение және радио саласы субъектілерінің телевизия және радиобағдарламаларын жасау және тарату процесіндегі қатынастарын реттейтін, сондай-ақ телевизия және радио хабарларын тарату желісінің техникалық пайдалану және субъектілер қызметін лицензиялау бөлігіне қатысты қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру;

телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын эфирлік трансляциялаудың жерүсті желісі үшін, соның ішінде цифрлық телерадио хабарларын тарату үшін жиілік-аумақтық жоспарлар әзірлеу;

DVB-T стандартындағы цифрлық телевизия және радио хабарларын таратуды енгізу жөніндегі ұсынымдар әзірлеу.

Қазақстан Республикасының халқын телевизия және радио бағдарламаларды эфирлік қабылдаумен қамтуды кезең-кезеңімен арттыру

Халықты телевизия және радио бағдарламаларымен қамту аймағын кеңейту телевидение және радио мүлдем жоқ елді мекендер пункттерінде қуаттылығы аз таратқыш құрылғылар мен спутниктік телевидениенің қабылдау жүйесінің көмегімен жүзеге асыру көзделді.

Беру желісін жаңғырту және кеңейту халықаралық стандарттарға сәйкес жабдықтарды пайдалану арқылы жаңа технологиялар базасында жүзеге асырылатын болады.

Бұл ретте республика халқын телевизия хабарларын таратумен кезең-кезеңімен

қамтуды арттыру негізінен ауылдық аудандарда қосымша телевизиялық таратқыштарды орнату жолымен жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасы төмен және халқының біркелкі емес тығыздығы және оның үлкен аумақта шоғырлануы қуаттылығы аз телерадиотаратқыштарды пайдалану және қолданыстағы қуаттылықтарды қайта қарау қажеттілігімен түсіндіріледі.

Таяудағы жылдар ішінде бес жүзге жуық қуаттылығы аз телерадио таратқыштар а у ы с т ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Бұдан көріне отырып, Қазақстан Республикасының аумағында телерадио хабарларын таратуға арналған техникалық құралдарды өндіруден тәжірибесі бар кәсіпорындар негізінде осындай үлгідегі жабдықтарды жаппай шығаруды кеңейту және қайта қалпына келтіру мүмкіншілігін қарастыру қажет. Отандық өндірісті ұйымдастыру телерадиотаратқыштардың өзіндік құнын азайтуға, сервистік қызмет көрсетуге кететін шығыстарды қысқартуға, қосымша еңбек рыногын жасауға мүмкіндік б е р е д і .

Радио хабарларын таратуды дамытудағы әлемдік үрдістерді есепке ала отырып елді-мекендерді одан әрі қамтуды ұлғайту стереодыбыстық режимде FM өрісіндегі радио тарату қондырғыларымен жүзеге асырылатын болады.

Халықты телевизия және радио бағдарламаларымен кезең-кезеңімен қамтуға қол жеткізу эфирлік-кабельдік және кабельдік телевидение және радио хабарларын тарату желісін одан әрі дамыту жолымен көзделеді. Кабельдік телевидение және радио хабарларын таратудың қайтадан құрылатын желісі байланыстың талшықты-оптикалық торабын пайдалану арқылы қазіргі заманғы технологиялар негізінде құрылады. Кабельдік телевидение және радио хабарларын тарату желілері бойынша кемінде 30-ға жуық теледидар арналарының бағдарламаларын, стереодыбыстық радио хабарларын тарату бағдарламаларын, сондай-ақ мультимедиа қызметтерін трансляциялау жоспарлануда. 2004-2006 жылдар кезеңінде кабельдік телерадио хабарларын тарату желілерін дамыту операторлардың өз қаражаттарын тарту есебінен жүзеге асырылатын б о л а д ы .

Радио бағдарламаларды бұрын сымдық тарату желілері арқылы қабылдап келген елді мекендер пункттері радио бағдарламаларымен қамтуды эфирлік таратқыштарды орнату жолымен қамтамасыз ету радиобағдарлардың ескірген сымдық тарату жүйесінен біртіндеп бас тартуға мүмкіндік береді.

Мұндай бетбұрыстың қажеттігі сымдық радио хабарларын қабылдағыш өндірісінің тоқтатылуымен, сондай-ақ жаңадан салынған тұрғын үйлерде пәтерішілік тармақтаудың жоқтығына байланысты.

Радиобағдарларын таратудың сымдық тарату жүйесінің сақталып қалған материалдық-техникалық базасы заңнамада белгіленген тәртіппен кабельдік теледидар нұсқасы бойынша хабар таратуды ұйымдастыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Ақпараттық кеңістікте мемлекет мүддесін сақтау мақсатында Қазақстан

Республикасының ауыл халқын кезең-кезеңімен мемлекеттік тапсырыстағы телевизиялық және радио бағдарламалармен 2004 жылы орташа тәуліктік көлемі "Қазақстан"-13 сағат, "Хабар"-16 сағат және Қазақ радиосы бағдарламаларымен-20 сағат толығымен қамтуды қамтамасыз ету жоспарланады.

Өңірлік теледидар мен радионы дамыту

Өңірлік телерадио хабарларын тарату желісін құру тиісті радиожилік ресурстарын бөлу, облыс орталықтарында жерүсті қабылдау-жеткізуші спутниктік станциялар құрылысын салу және байланыстың талшықтық-оптикалық торабын пайдалану жолымен қамтамасыз етіледі.

Қазіргі уақытта "Кателко" АҚ күшімен облыстар әкімдіктерінің ықпал етуімен Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында жерүсті қабылдау-жеткізуші спутниктік станцияларының құрылысы бойынша жобалар қазірдің өзінде жүзеге асырылды. 2004 жылдың басында Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарында қабылдау-жеткізуші спутниктік станцияларды пайдалануға беру көзделуде.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде телевизиялық бағдарламаларды қабылдауды қамтуды кеңейту есебінен Қазақстанның бейне саясатын іске асыру

Қазақстанның бейне саясатын іске асыру мақсатында "Хабар" агенттігі" АҚ-тың 2002 жылғы қазанда іске асырған жобасы, "CaspioNet" телевизиялық бағдарламасының таралу ауқымын кеңейту қажет. Жаңа телеарнаның ықтимал көрермендері 93 миллионға жуық адам болды. "CaspioNet" үш тілде: ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі сағаттық блоктармен тәулік бойы ақпараттық хабар таратуды жүзеге асырады, оның басты міндеті - неғұрлым тұрақты дамуы бар, тұрақты саяси жүйесі бар, қолайлы инвестициялық климаты мен өзіндік көпұлтты мәдениеті бар тәуелсіз көпэтникалық мемлекет Қазақстан туралы барынша толық және объективті мәлімет беру. "CaspioNet" телевизиялық бағдарламасын тарату көп тілді дыбыстармен, ең алдымен қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттің бейнелік саясатында сыртқы саяси оқиғалар туралы жедел хабарламалар ерекше роль атқарады. Қазақстан бойынша және шетелдерде жұмыс жасап жатқан тілшілер қосыны ақпараттың перспективалық қажеттіліктерін толық қанағаттандыра алмайды. "Хабар" агенттігі" АҚ-тың өз қаражаты есебінен Вашингтонда, Лондонда, Анкарада және Сеулде жаңа тілшілер қосынының ашылуы осы маңызды әрі қызықты өңірлерден өзіндік объективті және жедел ақпаратты алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ Қазақстанның Орталық Азиядағы ақпараттық технологиялардың көшбасшысы болуға деген ұмтылысын дәлелдей түседі.

Телевизия және радио хабарларының таратылатын бағдарламаларының техникалық сапасын жақсарту

Телевизия және радио сигналдарды трансляциялаудың техникалық сапасын жақсарту үшін, телевизиялық сигналдардың соған ұқсас қалыптастырғыштарын ауыстыру арқылы хабар таратудың жаңа цифрлық технологияларға ауыстыру мүмкіндігімен, ең алдымен қалған лампалық телевизиялық және радиотаратқыштарды қатты денелерге жаңғырту талап етіледі.

Телевизия және радионың қолданыстағы моральдық және физикалық жағынан ескірген лампалық таратқыштар паркін жаңғырту қажеттігі тұтыну қуаттылығының мол болуынан, пайдалы іс-әрекет коэффициентінің төмен, автоматтандыру деңгейінің әлсіз, оларға қызмет көрсетуге кететін көп еңбек шығындары, сондай-ақ үлкен көлемді болуынан туындады.

Лампалықты ауыстыру үшін қолданылатын модульдік қағидат бойынша құрылған үлкен интегралдық микрожинау және далалық радиоқабылдағыштарды пайдалану арқылы қазіргі заманғы элементтік базада жасалған қатты денелі таратқыштар бұл жүйенің сенімділігін арттырады.

Хабар тарату сенімділігін, жоғары сапасын және республика халқының талап етіп отырған ауқымын қамтамасыз ету үшін ескірген антенна паркін қазіргі заманғы, экономикалық жағынан үнемді, жетілдірілген сипаттамалары бар антенналарға ауыстыруды жүргізу қажет.

Телевизия және радио хабарларын таратуды позитивті дамытудың маңызды факторы хабар тарату өндірісі көлемінің өсуі, бағдарламалармен қамтылуы, арнаның орнықты көрермендер аудиториясының қалыптасуы болып табылады.

Телерадио бағдарламалардың шығармашылық та, сол сияқты техникалық жағынан да сапасын жақсарту қазіргі заманғы цифрлық Betacam-SP, Betacam-SX, Digital-Betacam, DVC-PRO форматтарындағы телевизиялық және радионың студиялық жабдықтарын пайдалану есебінен жүзеге асырылатын болады.

Белгіленген тақырыптық бағыттарға сәйкес қазақ және орыс тілдеріне аудару, сондай-ақ субтитр беру жолымен дубляждық өнімдер өндірісін дамыту жалғасуда.

Сонымен бірге мәдени-тарихи құндылықты білдіретін аудио және бейне материалдарды сақтау туралы мәселе өткір қойылып отыр. Бұл үшін аудио және бейне өнімді мұрағаттаудың цифрлық технологияларын енгізу қажет.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде телевизия және радио хабарларын тарату желісінің жұмысын ұйымдастыру

Қазақстан Республикасының халқын ақпараттандыруды сақтау және жетілдіру сақтау мақсатында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде радио- және телевизия хабарларын тарату желісінің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде Қазақстан Республикасының радио- және телевизия хабарларын тарату желісіне қойылатын негізгі талаптар:

төтенше жағдайлар туындағанда болжалдар, төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шаралар туралы жариялылық және халықты әрі ұйымдарды хабардар ету;

төтенше жағдайлар кезінде сигналдарды негізгі және запастағы пункттерден радиотелевизиялық беру станцияларына және сымдық хабар тарату тораптарына беруді қамтамасыз ету;

электр байланысының бүлінген арналарын алмастыратын телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын берудің уақытша арналарын және арнайы ұтқыр репортаждық жерүсті спутниктік станцияларды пайдалану арқылы оқиға болған жерлерден жедел репортаждар беру үшін кері арналар ұйымдастыру болып табылады.

Төтенше жағдайлар кезінде радиотелевизиялық хабарларды тарату желісінің орнықты жұмысын қамтамасыз ету үшін резервтегі арна бойынша барлық қуатты радиотелевизия жеткізуші станцияларына (барлық телевизиялық және радиотаратқыштарға) және сымдық хабар тарату желілеріне ең кемі бір телевидение және радио хабарын тарату бағдарламасын жеткізу мәселесін қарастыру қажет.

Телевизия және радио хабарларын тарату саласы субъектілерін қолдау

Қазақстан Республикасының " Бұқаралық ақпарат құралдары туралы " және " Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы " Заңдарына сәйкес телевизия және радио хабарларын таратудың мемлекеттік тілдегі үлесі басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен кем болмауы тиіс.

Телевизия және радио хабарларын тарату саласы субъектілерінің хабар таратудың жалпы көлеміндегі тілдік қатынас бойынша қазақстандық заңнаманың негізгі ережелерін соңғы сақтау бөлігінде қолдау мақсатында жыл сайын мемлекеттік тілдегі телевизия және радио бағдарламаларды өндіруге ашық конкурс өткізу жолымен мемлекеттік тапсырысты орналастыру жоспарланады.

Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган телерадиокомпанияларды мемлекеттік тілдегі бейне өнімдермен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты тұрақты жүргізетін болады.

Цифрлық теледидар мен радионы енгізу

Жиілік спектрінің тығыздығы телерадио хабарларының дамуын едәуір тежейді, мұны шешу Қазақстан Республикасының аумағына цифрлық телерадио хабарларын таратуды енгізу кезінде мүмкін болады. Цифрлық телерадио хабарларын тарату халықтың басым бөлігіне цифрлық стандарттарға негізделген хабар жазып алудың, қайта шығарудың, ақпаратты өңдеудің және берудің озық әдістері үлкен перспективаға жол ашады және мұнсыз ақпараттық кеңістікті толыққанды толықтыру мүмкін емес.

Цифрлық телерадио хабарларын таратудың артықшылығы:

телерадио хабарларын таратудың цифрлық желісінің әр абоненті жеткізуші орталықтың қабылдау және алыстығы шартына тәуелді болмай, цифрлық сапамен сигналдарды бөлмедегі антеннамен қабылдау мүмкіндігіне ие болады;

ұқсас нұсқада да пайдаланылатын жиілік белдеуінің сол енінде бағдарламаның санынан бірнеше есе көп трансляциялау есебінен шектеулі жиілік ресурсын барынша тиімді пайдалану мақсатында көпбағдарламалы хабар таратуды ұйымдастыру;

телевизия және радио бағдарламалардың қабылдау сапасын арттыру;

бір бейнекөріністі 4-5 тілде беру мүмкіндігі;

цифрлық пакетпен бірге көп мөлшерде ілеспе ақпараттар беру мүмкіндігі (телемәтін , интернет, бағдарламалық жолбасшы және басқалар) - мультимедиа қызметтерін көрсетуге мүмкіндік беретін интерактивтілікті енгізу.

Телевизиялық және радиохабарларын тарату желісіне цифрлық технологияларды енгізу бұқаралық ақпарат құралдарын техникалық дамытудағы жаңа кезеңді білдіреді және қабылдағыштардың барлық паркін дерлік ауыстыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы аумағындағы телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын трансляциялау желісіне цифрлық технологияларды қолдану тәжірибе аймақтарында жүргізілген сынақтардың нәтижелері жан-жақты зерделегеннен және талдағаннан кейін жүзеге асырылатын болады.

Жерүсті цифрлық телерадио хабарларын таратуды енгізу үшін цифрлық желілер құруға арналған радиожілік спектрін пайдаланудың негізгі ережелерін анықтау бөлігіне ұсынымдар әзірлеу қажет, олар перспективада қолданыстағы ұқсас нұсқаларды алмастыруға тиіс. Бұл ретте аздаған жаңғыртумен цифрлық телерадио хабарларын таратуға ауысуға мүмкіндік беретін ұқсас жабдықтарды пайдалану көзделеді.

Қазақстан Республикасында эфирлік цифрлық телевидениені енгізу қолданыстағы ұқсас нұсқалы телевидениемен қатар кезең-кезеңімен іске асырылатын болады. 2005-2006 жылдары телерадио хабарларын тарату бағдарламаларын эфирлік трансляциялау желісінде DVB-T стандартындағы цифрлық телевидениенің тәжірибе аймағы құрылуға тиіс, ал қабылдау аппаратының қымбаттылығына байланысты оны коммерциялық

пайдалану басталады. Цифрлық телевизия хабарларын таратуда қабылдағыш ретінде абоненттік қосымшасы (set-top-box) бар ұқсас теледидарлар және цифрлық теледидарлар пайдаланылады.

6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджет, радио- және телевизия хабарларын тарату желісі субъектілерінің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаның 2004-2006 жылдарға арналған іс-шараларын іске асыруға болжалған шығыстар 18605926 мың теңгені құрайды, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен: 2004 жылы - 4884511 мың теңге, 2005 жылы - 5128737 мың теңге, 2006 жылы - 5359530 мың теңге.

2005-2006 жылдарға арналған республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі Қазақстан Республикасының "Республикалық бюджет туралы" тиісті қаржы жылына арналған Заңына сәйкес анықталады (нақтыланады).

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

1) телерадио хабарларын тарату саласында қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдер жетілдіріледі;

2) телевизия және радио хабарларын тарату бағдарламаларының сапасы және тартымдылығы арттырылады;

3) "Хабар" тәуліктік хабар тарату көлемі - 15 сағатқа дейін, "Қазақстан" - 20 сағатқа дейін және Қазақ радиосы 24 сағатқа дейін ұлғайтылады;

4) телевизия және радио хабарларын тарату бағдарламаларының ТМД елдеріне және алыс шетелдерге шығу үшін қолайлы жағдайлар жасалады және осы мемлекеттердің халқына Қазақстанның қоғамдық-саяси, мәдени-экономикалық өмірі туралы объективті ақпаратты жеткізу қамтамасыз етіледі;

5) елді-мекендер "Хабар" телевизиялық бағдарламаларымен 98%-ға дейін және "Қазақстан" - 96%-ға дейін, сондай-ақ Қазақ радиосының бағдарамасын - 90%-ға дейін кезең-кезеңімен қамтуға қол жеткізу қамтамасыз етіледі;

6) телевизия және радио бағдарламаларды эфирлік трансляциялау желісін жаңғырту аяқталады, бұл оны ұстауға арналған шығындарды азайтуға мүмкіндік береді;

7) 2005 жылы цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуды тәжірибелік пайдалану басталады;

8) отандық қуаттылығы аз телевизия және радиотаратқыштардың өндірісі

к е ң е й т і л е д і ;

9) қуаттылығы аз 500 телерадиотаратқыштарды ауыстыру жүргізіледі.

8. Қазақстан Республикасында телерадио хабарларын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.08.24. N 891 , 2005.12.31. N 21 қаулысымен .

P/c N	Ис-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орында. лу	Болжалды шығыстар, мерзімі	Қаржылан. дыру көзі мың.теңге	7
1	2	3	4	5	6	7	

1. Ұйымдастыру шаралары

1.1. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.31. N 21 қаулысымен .

1.2. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.31. N 21 қаулысымен .

1.3. Телевизия және радио хабарларын таратудың нормативтік құқықтық кесімнің техникалық жобасы Ақпарат. министрі, АБА 2005 жылғы 4 тоқсан Талап етіл. мейді

әзірлеу

1.4. Табиғи, техногендік сипаттағы төтенше Бірлескен бұйрық МАСМ, АБА, ТЖМ 2005 жылғы 4 тоқсан Талап етіл. мейді жағдайлардың шарттары үшін хабар тарату

2. Құқықтық реттеу

2.1.	Ақпаратмині жанынан ведомство. аралық	Бірлескен бұйрық	Ақпарат. мині, БҒМ	2005 жылғы 1	Талап етіл. мейді тоқсан
					Ғылыми - тех. никалық
	кеңес құру				
2.2.	"Телерадио хабарларының мемлекеттік бағдарлама.	Норматив. тік құқықтық кесімнің сын тарату	Ақпарат. мині	2004 жылғы 1	Талап етіл. мейді тоқсан
					жобасы тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 желтоқ. сандағы N 1527 қаулы. сының радио. жиілік номиналдарын бөлу бөлігі. не өзгеріс.
	теренгізу				
2.3	Теледидар және/немесе радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары	Норма- тивтік құқық- тық	МАСМ 2005 жылғы 4-	Талап етіл- мейді тоқсан кесімнің жобасы	

3. Техникалық іс-шаралар

3.1.	Радионың мемлекеттік бағдарламаларының стереохабар тарату режимінде FM өрісінде	Үкімет. ке ақпарат	МАСМ, АБА	Жыл сайын 2, 4 тоқсан	27 434 мың. теңге 10000	"Қазақстан" РТРК" АҚ өз қаражаты есебінен 10000 2006 ж.- 7434
3.2.	Цифрлық эфирлік телевидение пайдаланудың коммерциялық желісін құру	Үкімет. ке ақпарат	МАСМ есебінен	2006 жылғы 4 тоқсан	102772 мың.теңге 4	"Қазтеле. радио" ЖАҚ және "Кателко" ЖАҚ өз қаражаты
3.3.	Өңірлік телевидение. нің және радионың желісін құру	Үкімет. ке ақпарат	МАСМ	Жыл сайын 4 тоқсан	3082883 мың.теңге 866234	"Кателко" ЖАҚ өз қаражаты есебінен 2005 ж.- 9 1 8 1 0 2 2 0 0 6 ж . -
			1 298547			
3.4.	"Хабар", "Қазақстан" телевизиялық бағдарламаларын, сондай-ақ Қазақ радиосының және тарату	Үкімет. ке ақпарат	МАСМ	Жыл сайын 1 тоқсан	15372777 мың.теңге 4884511	республика. лық бюджеттен 2005 ж.- 5128737 2006 ж.- 5359530 бағдарламаларын өндіру
3.5.	"Хабар" телевизиялық ке	Үкімет. ке	МАСМ	Жыл сайын	* іс-шараларды	Республика. лық бюджет.

	бағдарлама. ақпарат сын қабыл. дауды республика халқын кезең-кезе. ңімен қамтуды қамтамасыз ету		4	қаржылан. тен тоқсан дыру "Қазақстан Республи. касының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2006 жылдарға
3.6	"Қазақстан" Үкімет. телевизия. ке сының ақпарат бағдарлама. сын қабыл. дауды республика	МАСМ	Жыл сайын 4	арналған Республи. мемлекет. калық тік бағ. бюджеттен тоқсан дарламасы" ауқымында жүзеге асырылады. х а л қ ы н к е з е ң - к е з е . ң і м е н қ а м т у д ы қ а м т а м а с ы з
	ету			
3.7.	Қазақ радио. Үкімет. сының ке бағдарлама. ақпарат сын қабыл.	МАСМ, АБА	Жыл сайын 4	Республи. калық бюджеттен тоқсан д а у д ы р е с п у б л и к а х а л қ ы н к е з е ң - к е з е . ң і м е н қ а м т у д ы қ а м т а м а с ы з
	ету			
3.8.	(CaspioNet) Үкімет. спутниктік ке телеарнасы. есеп беру ның жұмысын	МАСМ, СІМ	Жыл сайын 1	Іс-шара. Республика. ларды лық қаржылан. бюджеттен тоқсан дыру

ұйымдастыру.
ды қамтама.
сыз ету

"Шетелдер.
де тұратын
отан.
дастарды
қолдаудың
2004 - 2006
жылдарға
арналған
бағдарла.
масы"
шеңберінде
жүзеге

асырылады.

3.9.	"Шалқар" радиосы бағдарлама. сының желі. сін кеңейту	Үкімет. ке ақпарат	МАСМ АБА	Жыл сайын 4 сайын	20 060 мың.теңге 2004 ж.- 5 000 2005 ж.- 5 000 2006 ж.-	"Қазақстан" РТРК" АҚ және "Қаз. телерадио" ЖАҚ өз қаражаты есебінен
------	--	--------------------------	-------------	----------------------------	---	---

10060

3.10	Телевизия және радио бағдарла. маларын эфирлік	Норматив. тік кесімнің жобасы	АБА, Ақпарат. мині, Қорғаныс.	2004 жылғы 4 Қорғаныс.	Талап етіл. мейді тоқсан мині
------	--	--	--	---------------------------------	---

трансляция.
лаудың
жерүсті
желісі үшін,
оның ішінде
цифрлық
телерадио
хабарларын
таратудың
жиілік -
аумақтық

* Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 1149 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада" "Хабар", "Қазақстан" және Қазақ радиосы бағдарламаларын қабылдауды 100% қамтуды қамтамасыз ету үшін "Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" іс-шараларын қаржыландыру республикалық бюджеттік бағдарлама бойынша жоспарлануда

1. **Ескерту.** 2005-2006 жылдарға республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын іс-шаралар бойынша шығыстар көлемі Қазақстан Республикасының "Республикалық бюджет туралы" тиісті қаржылық жылға арналған Заңына сәйкес анықталатын (нақтыланатын) болады.

2. МАСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі;
Еңбекмині - Қазақстан Республикасының еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі
;

БҒМ - Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі;

СІМ - Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігі;

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасының қорғаныс министрлігі;

АБА - Қазақстан Республикасының ақпараттандыру және байланыс жөніндегі
а г е н т т і г і ;

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі.